



2024 жылдың 01 маусымына


**Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.**



**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

2024 жылдың 1 маусымына елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі **31245 млрд теңгені** (*жиынтық активтердің 59%*) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі **1000 млрд теңге**, немесе жалпы несие портфелінің **3,2%** құрады (*2024 жылдың 1 мамырына – 958,6 млрд теңге немесе 3,1%*).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейі




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **жеке тұлғаларға** келеді – 716,1 млрд теңге немесе 72% (01.05.2024 ж. – 671,8 млрд теңге).


Шағын және орта бизнеске – 248,8 млрд теңге немесе 25% (01.05.2024 ж. – 250,7 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **заңды тұлғаларға** келеді – 34,5 млрд теңге немесе 3% (01.05.2024 ж. – 35,7 млрд теңге).

01.05.2024 ж.
NPL құрылымы



01.06.2024 ж.
NPL құрылымы



Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 245 млрд теңге немесе несие портфелінің 5%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 222 млрд теңге (несие портфелінің 2,2%);

– **«Jusan Bank» АҚ** – 103 млрд теңге (несие портфелінің 8,3%);

– **«Еуразиялық Банкі» АҚ** – 98 млрд теңге (несие портфелінің 6,6%);

– **«Bereke Bank» АҚ** – 90 млрд теңге (несие портфелінің 5,9%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелер портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ** келеді – **9,8%**.

Әрі қарай несиелер портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Jusan Bank» АҚ (8,3%)**; **«Нұрбанк» АҚ (7,6%)**; **«Еуразиялық банкі» АҚ (6,6%)** және **«Bereke Bank» АҚ (5.9%)**.

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады